

202-2025 оқу жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша түзету және ескерту әрекеттерінің жоспарының орындалуы бойынша мониторинг

2024-2025 оқу жылы университетте білім алушылар, ОПҚ және қызметкерлер арасында жүргізілген сауалнамалар нәтижелері бойынша түзету және ескерту әрекеттерінің жоспарлары әзірленіп бекітілген және орындалуы бойынша мониторинг жүргізу жоспарланған. 2024-2025 жылғы жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша ұсыныстардың орындалуы келесідей қалыптасты.

Мониторинг өткізілген сауалнамаларға қарай бағыттар бойынша топтастырылған:

- Оқу үдерісін ұйымдастыру;
- Кәсіби практикалық дайындықты ұйымдастыру;
- Жатақханаларда тұру жағдайларын жақсарту;
- Студенттердің жеке тұлғалық қасиеті мен тәрбиесінің қалыптасуын дамыту;
- медициналық қызмет көрсету және Интернет-ресурстардың сапасымен (оның ішінде WiFi аймағын қамту), компьютерлік ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету және т.б.

Жоспарлардағы барлық ұсыныстар бойынша жұмыс белгіленген мерзімде жүргізілуде.

Жоспарлар бойынша жасалған жұмыс туралы толық ақпарат және әр сауалнаманың орындалуы бойынша мониторинг келесідей:

Университетте студенттердің практикасын ұйымдастыру және өту сапасы анықтау үшін білім алушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша:

Университеттегі білім беру сапасын арттырудың маңызды аспектілерінің бірі – студенттердің кәсіби дағдылары мен практикалық тәжірибесін жетілдіру болып табылады. Кәсіби функцияларды табысты орындау үшін студенттер тек теориялық білімді меңгеріп қана қоймай, оны нақты өндіріс және педагогикалық жағдайларда қолдана білулері қажет. Сол себепті университет тәжірибе өтуге арналған әртүрлі іс-шараларды ұйымдастырады: нұсқаулық және қорытынды конференциялар, күнделіктерді толтыру, практикалық сабақтар, оқу және өндірістік практика, сондай-ақ студенттердің кәсіби дағдыларын бақылау және бағалау жүйесі енгізілген.

Бұл мониторинг студенттердің практикаға қатысу барысын, олардың кәсіби дағдыларын дамыту деңгейін және ұсыныстардың орындалуын бағалауға бағытталған. Мониторинг нәтижелері университеттің оқу үрдісін жетілдіру, практикалық білім мен кәсіби тәжірибені тиімді үйлестіру және студенттердің еңбек нарығына дайын болуын қамтамасыз ету мақсатында қолданылмақ.

Кәсіби функцияларды табысты орындау үшін практикалық дағдыларды арттыру ұсынысы бойынша барлық кәсіптік практикаларға арналған нұсқаулық және қорытынды конференциялар өткізілді. Студенттер күнделіктерді толтырып, мекемелерде тәжірибелерін жинақтап, практика жетекшілері тарапынан тұрақты қадағаланды. Бұл шаралар студенттердің теориялық білімін практикада қолдану қабілетін дамытты және олардың кәсіби сенімділігін арттырды.

Практикадан өту, практикалық сабақтар көлемін кеңейту ұсынысы негізінде педагогикалық білім беру бағдарламаларының екінші курс студенттері үшін психологиялық-педагогикалық практика үздіксіз ұйымдастырылды. Студенттер жетекші мұғалімдердің бақылауымен сабақ беру және кәсіби дағдыларын жетілдіру бойынша тәжірибе жинақтады.

Кәсіби іс-тәжірибе орындарын ұсыну және оқудан кейін жұмысқа орналастыру ұсынысы бойынша университет пен мекемелер арасында Меморандум жасалып, кафедра филиалдары ашылды. Бұл студенттерге әртүрлі мекемелерде тәжірибе жинауға мүмкіндік беріп, оқу процесін нақты еңбек тәжірибесімен байланыстыруға жағдай жасады.

Университет пен кәсіпорын арасындағы байланысты нығайту ұсынысы аясында Меморандум жасау нәтижесінде студенттер практика өту базасында жұмысқа орналастырылуда. Бұл шара университет пен кәсіпорын арасындағы ынтымақтастықты күшейтіп, студенттердің кәсіби дайындық деңгейін арттыруға мүмкіндік берді.

Практика базаларын жаңарту және кеңейту ұсынысы негізінде кафедра филиалдары ашылып, көшпелі практикалар ұйымдастырылды. Сонымен қатар университеттің лабораториялық базалары практика өткізуге пайдаланылды. Студенттер осылайша әртүрлі орталарда кәсіби тәжірибе жинап, білімдерін тереңдетті.

Практика уақытын ұзарту ұсынысы бойынша практика 1 курстан бастап 4 курсқа дейін үздіксіз жүргізілді. Студенттер үздіксіз оқу практикасы мен диплом алдындағы, өндірістік практикаларды толық көлемде өтіп, кәсіби дағдыларын тұрақты түрде жетілдірді.

Студенттерге өз таңдауымен практикадан өту мүмкіндігін беру ұсынысы жүзеге асырылып, студенттер практикадан өтетін мекемелерді өз еркімен таңдай алды. Бұл олардың кәсіби қызығушылығын арттырып, әртүрлі мекемелерде тәжірибе жинауға мүмкіндік берді.

Кәсіби практиканы оқу үрдісіне 1 курсынан бастап енгізу ұсынысы бойынша барлық білім беру бағдарламаларында оқу (танысу) практикасы ұйымдастырылды. Педагогикалық практиканың барлық оқу кезеңінде әр курста өткізілетін тәжірибелер студенттердің теориялық білімін нақты практикамен байланыстыруға және кәсіби шеберліктерін қалыптастыруға бағытталды.

Практиканың сапасын арттыру мақсатында жетекшілер мен институт директорлары студенттердің тәжірибесін жүйелі түрде бақылап, практика кезінде туындайтын мәселелерді шешуге жәрдемдесті. Сонымен қатар практикалық сабақтарды жүргізу барысында студенттердің кәсіби қабілеттерін бағалау және кері байланыс беру жүйесі тұрақты түрде іске қосылды.

Практика өту барысына байланысты ұсынылған барлық іс-шаралар жоғары деңгейде орындалып, студенттердің кәсіби дайындығы артты. Университет пен мекемелер арасындағы әріптестік кеңейіп, практика орындарының саны көбейді, студенттердің оқу үдерісінде практикаға қатысу мүмкіндігі толық қамтамасыз етілді.

«Университеттің әрбір корпусында қолда бар интернет-ресурстардың сапасымен (оның ішінде WiFi аймағын қамту), компьютерлік ресурстарға қолжетімділікпен қанағаттану тұрғысынан білім алушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша:

Университеттің әрбір оқу корпусында қолда бар интернет-ресурстардың сапасына, оның ішінде Wi-Fi желісінің қамту аймағына, интернет жылдамдығына және компьютерлік ресурстарға қолжетімділік деңгейіне білім алушылардың қанағаттануын анықтау мақсатында жүйелі түрде сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелерін талдау барысында білім алушылар тарапынан интернет жылдамдығын арттыру, Wi-Fi желісінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, авторизациялау үдерісін жеңілдету, цифрлық қауіпсіздікті күшейту және компьютерлік техникаларды жаңарту қажеттілігі бойынша бірқатар ұсыныстар берілді.

Аталған ұсыныстарды іске асыру мақсатында түзету және ескерту әрекеттерінің жоспары әзірленіп, кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Сауалнама қорытындысына сәйкес, білім алушылар көп шоғырланатын аймақтарда интернет жылдамдығын арттыру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде ағымдағы оқу жылында ЕШДИ арналары бойынша интернет жылдамдығы 700 Мб/с-қа дейін, ал Wi-Fi желісінің өткізу қабілеті 900 Мб/с-қа дейін ұлғайтылып, желінің тұрақты жұмыс істеуі қамтамасыз етілді. Бұл өз кезегінде онлайн білім беру платформаларын пайдалану сапасын жақсартып, цифрлық сервистердің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар университет ғимараттарын толық Wi-Fi сымсыз желісімен қамту мақсатында техникалық жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Жоспарға сәйкес қосымша 40 дана заманауи желілік құрылғыларды сатып алу қарастырылып, қазіргі уақытта жұмыстардың басым бөлігі орындалып, қамту деңгейі айтарлықтай жақсарды. Аталған шаралар оқу аудиторияларында, кітапханаларда және қоғамдық кеңістіктерде интернетке үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Интернетке қосылу рәсімін жеңілдету мақсатында пайдаланушылар үшін авторизациялау үдерісі оңтайландырылды. Wi-Fi желісіне жылдам қосылуды қамтамасыз ету үшін QR-код арқылы кіру жүйесі енгізіліп, білім алушылар мен қызметкерлер арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бұл шешім желіге қосылу уақытын қысқартып, техникалық қолдау қызметіне түсетін өтініштер санын азайтуға мүмкіндік берді.

Ақпараттық қауіпсіздік талаптарын күшейту шеңберінде университеттің желілік инфрақұрылымына FORTINET желіаралық экран құрылғысы енгізілді. Аталған жүйе ішкі және сыртқы желілік қауіптерден қорғауды қамтамасыз етіп, деректер қауіпсіздігін арттыруға, сондай-ақ университеттің цифрлық ресурстарының тұрақты жұмыс істеуіне жағдай жасады.

Білім беру процесін цифрландыруды қолдау және оқу аудиторияларының техникалық жарақтандырылуын жақсарту мақсатында университеттің компьютерлік паркін жаңарту жұмыстары жүзеге асырылды. Атап айтқанда, 86 дюймдік интерактивті панельдердің 12 данасы, 75 дюймдік теледидарлардың 12 данасы және соңғы буындағы 415 моноблок сатып алынып, оқу үдерісіне енгізілді. Сонымен қатар ескірген және техникалық тұрғыдан тозған компьютерлерді жаңғырту үшін 70 дана жаңа жабдық орнатылды. Бұл шаралар цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалануға және оқу сабақтарының интерактивтілігін арттыруға мүмкіндік берді.

«Университеттің әрбір корпусында медициналық қызмет көрсетуге қанағаттану тұрғысынан білім алушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша:

Медициналық қызмет көрсету туралы ақпараттандыруды күшейту: Медициналық қызметтер туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Университеттің оқу ғимараттары мен жатақханаларында медициналық қызметтер туралы постерлер мен ақпараттық баннерлер орналастыру, бірінші курс студенттеріне бейімдеу кезеңінде медициналық қызмет көрсету тәртібі бойынша таныстыру кездесулерін ұйымдастыру, электрондық пошта және әлеуметтік желілер арқылы хабарламалар тарату, сондай-ақ университеттің ресми сайты мен порталында тұрақты ақпарат жариялау жұмыстары жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда.

Медициналық қызмет сапасын арттыру: Медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында медицина қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру бойынша курстарға, семинарларға және тренингтерге қатысуы қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар қызмет көрсетуден бас тарту жағдайлары

талданып, олардың себептері анықталып, тиісті ұйымдастырушылық шешімдер қабылданады. Пациенттердің қанағаттану деңгейін бағалау үшін кері байланыс тетіктері енгізіліп, ұсыныстар мен пікірлер тұрақты түрде жиналады.

Медициналық пункттердің жұмыс уақытын бейімдеу: Медициналық пункттердің жұмыс кестесін студенттер мен қызметкерлердің қажеттіліктеріне сәйкестендіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Медициналық пункттердің күн бойы қызмет көрсету мүмкіндігі қарастырылып, келушілердің сұранысына сәйкес таңғы уақыттағы қабылдауға басымдық беріледі. Қажеттілік туындаған жағдайда кешкі уақыттағы қабылдау кестесін ұйымдастыру мәселесі де кезең-кезеңімен қарастырылатын болады.

Медициналық қызметтің қолжетімділігін жақсарту: Медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында медициналық мамандардың санын кезең-кезеңімен көбейту, медициналық пункттерді қажетті зертханалық және диагностикалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, телемедицина және сыртқы зертханаларға жолдама беру рәсімдерін жетілдіру бағытындағы жұмыстар жоспарланған. Сонымен қатар студенттер мен қызметкерлерге арналған профилактикалық іс-шаралар, денсаулық күндері, тегін тексерулер мен скринингтік бағдарламалар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді.

Клиентке бағдарланған тәсілді дамыту: Медициналық қызмет көрсетуді тұтынушылардың қажеттіліктеріне бағыттау мақсатында қызмет көрсету процестері жетілдірілуде. Кезек күту уақытын қысқарту үшін кезек жүйесін цифрландыру немесе тиімді ұйымдастыру мәселелері қарастырылуда. Сонымен қатар медициналық қызмет сапасын тұрақты бағалау мақсатында студенттер мен қызметкерлер арасында жыл сайын сауалнама жүргізу тәжірибесі енгізіліп, оның нәтижелері қызмет көрсету сапасын жетілдіру бойынша шешімдер қабылдауға негіз болады.

Жоспарланған іс-шаралардың орындалу барысына тұрақты мониторинг жүргізіліп, орындалу нәтижелері сапаны басқару жүйесі аясында кезеңдік түрде талданып отырады. Алдағы кезеңде білім алушылардың кері байланысы негізінде интернет инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру, цифрлық сервистердің тұрақтылығын арттыру және оқу ортасының цифрлық қолжетімділігін кеңейту жұмыстары жалғасатын болады.

Университет студенттерінің жеке тұлғалық қасиеттері мен тәрбиесінің қалыптасуына бағытталған іс-шаралар бойынша:

Студенттердің жеке тұлғалық қасиеттері мен тәрбиесінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында білім алушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері негізінде түзету және ескерту әрекеттерінің жоспары әзірленіп, 2025 жыл бойы жүйелі түрде іске асырылды. Жоспар аясында студенттердің көшбасшылық қабілеттерін, командада жұмыс істеу дағдыларын, эмоционалды интеллектін және уақытты тиімді басқару құзыреттерін дамытуға бағытталған тренингтер, семинарлар және интеллектуалдық сайыстар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, құқықтық мәдениетті, экологиялық сананы және зияткерлік әлеуетті арттыру мақсатында түрлі білім бәйгелері, тренингтер, олимпиадалар мен спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізілді.

Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру мақсатында қайырымдылық акциялары мен әлеуметтік жобалар жүзеге асырылып, балалар үйлеріне, ардагерлерге және әлеуметтік осал топтарға көмек көрсету шаралары ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар студенттердің еріктілік мәдениетін дамытуға және қоғамға пайдалы қызметке тартылуына оң әсерін тигізді.

Экологиялық тәрбие бағыты бойынша «Таза Қазақстан» жобасы аясында сенбіліктер, ағаш отырғызу акциялары, экологиялық дөңгелек үстелдер мен табиғатты қорғауға арналған акциялар өткізілді. Сонымен қатар студенттердің

бастамасымен экологиялық клуб құрылып, тұрақты даму құндылықтарын насихаттау жұмыстары күшейтілді.

Студенттердің сыни ойлау қабілетін дамыту және азаматтық белсенділігін арттыру мақсатында «Ақиқат» пікірсайыс клубы аясында дебаттық турнирлер мен пікірталастар тұрақты түрде ұйымдастырылып, білім алушылар республикалық деңгейдегі жарыстарға қатысып, жоғары нәтижелер көрсетті.

Университетте жастардың шығармашылық, зияткерлік және әлеуметтік белсенділігін арттыру мақсатында төрт бағыт бойынша 22 студенттік ұйым тұрақты жұмыс жүргізді. Сонымен қатар психологиялық қолдау орталығы тарапынан студенттердің эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру және психологиялық сауаттылығын арттыру мақсатында тренингтер, кездесулер және профилактикалық дәрістер өткізілді.

Білім алушылардың оқу мотивациясын арттыру мақсатында кафедралар деңгейінде «Үздік студент» номинациясын енгізу бойынша ұсыныстар дайындалып, келесі оқу жылына енгізу жоспарланды. Кітап оқу мәдениетін дамыту мақсатында оқу ғимараттарында кітап бұрыштары жұмыс істеп, ғылыми кітапхана ресурстарының қолжетімділігі қамтамасыз етілді.

Жалпы алғанда, жоспарланған түзету және ескерту шаралары толық көлемде жүзеге асырылып, студенттердің тұлғалық дамуына, әлеуметтік белсенділігіне, психологиялық әл-ауқатына және азаматтық жауапкершілігінің қалыптасуына оң ықпал етті.

Университет жатақханаларында тұратын студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық, моральдық-психологиялық жағдайын анықтау үшін білім алушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша:

Мәдени-рухани байыту: Кітап оқу іс-шаралары аясында студенттер үшін поэзия кеші, кітап көрмесі, «Сыйға кітап» акциясы және оқырмандар клубының отырысы өткізілді, бұл олардың әдеби қызығушылығын арттырды.

Дөңгелек үстелдер «Отбасы құндылықтарын насихаттау» және «Менталды денсаулық және құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыптарында ұйымдастырылып, студенттердің өзекті мәселелерге қатысуы мен пікір алмасу белсенділігін арттырды.

Кино көрсетілімдері «Батырлық пен елдік жолы» тарихи фильмдері арқылы өткізіліп, студенттердің патриоттық сезімдері мен сын тұрғысынан ойлау дағдылары нығайтылды.

Шеберлік сыныптары (ұлттық қолөнер, би, актерлік шеберлік) ұйымдастырылып, студенттердің шығармашылық әлеуеті мен жаңа дағдылары дамыды.

Психологиялық ойындар мен тренингтер өткізіліп, студенттердің қарым-қатынас дағдылары, сенімділігі артты және стресспен күресу қабілеттері жақсарды.

Мәдени іс-шараларға (театр, мұражай, көрме) бару арқылы студенттердің мәдени санасы кеңейіп, топтық қатысу белсенділігі артты.

Топпен жұмыс және таныстық: Танысу кештері («Қош келдің, Студент», «Balmuzdaq PARTY», мерекелік кештер) өткізіліп, жаңа студенттердің әлеуметтік бейімделуі мен топтық қарым-қатынасы жақсарды.

Командалық ойындар мен сайыстар («Жылдың үздік бөлмесі», ортақ би кеші, сенбілік шеру, «Тазалық чемпиондары») ұйымдастырылып, студенттердің топпен жұмыс дағдылары мен креативтілігі артты.

Спорттық іс-шаралар: Таңғы жаттығулар, фитнес, йога және зумба сабақтары апталық жоспар бойынша өткізіліп, студенттердің физикалық белсенділігі мен денсаулығы нығайтылды.

Салауатты өмір салтын насихаттау іс-шаралары («Дұрыс тамақтану формуласы», ЖИТС-пен күрес, харассментке төзбеушілік тақырыбындағы кездесулер) студенттердің дұрыс тамақтану мен зиянды әдеттерден аулақ болуға ынтасын арттырды.

Көңілді және ойын-сауық іс-шаралары: Тақырыптық кештер (ұлттық киім, караоке, дискотека) ұйымдастырылып, студенттердің демалысқа және топтық қатынасқа белсенділігі артты.

Интеллектуалдық және спорттық ойындар (футбол турнирі, ұлттық ойындар, брейн-ринг, квесттер) студенттердің логикалық ойлау, командалық жұмыс және спорттық дағдыларын дамытты.

Квесттер («Қызылорданың тарихи жерлеріне шолу») арқылы студенттердің логикалық ойлау және топтық ынтымақтастығы нығайды.

Сергіту сәттері («Жасырын қазына», «Тарих ізімен») студенттердің зейінін, реакциясын және топпен жұмыс жасау қабілетін арттырды.

Психологиялық қолдау: Айына екі рет өткізілген семинар-тренингтер («Түсінемін, сезінемін, қолдаймын», «Лудомания – адамзат індеті») студенттердің эмоционалды тұрақтылығын және өзара түсіністігін арттырды.

Психологиялық тренингтер («Campus life», тәуелділікке қарсы сағаттар) студенттердің стрессті басқару және коммуникациялық дағдыларын дамытты.

Психологпен жеке кездесулер жыл бойына ұйымдастырылып, студенттердің жеке психологиялық мәселелері шешіліп, жалпы психоэмоциялық жағдайы жақсарды.

Әлеуметтік-тұрмыстық жағдай: Жатақхана инфрақұрылымын жаңарту (жиһаз, жарықтандыру, жылыту, душ және дәретханаларды тазалау) арқылы студенттердің тұрмыстық жайлылығы артты.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау камералары орнатылып, күзет қызметі күшейтілді, осылайша жатақханалардағы қауіпсіздік деңгейі артты.

№3 және №5 жатақханаларда оқу бөлмелерінде тұрақты интернет желісі орнатылып, студенттердің оқу процесіне қолжетімділігі қамтамасыз етілді.

Буфет және азық-түлік дүкені жұмыс жасап, студенттердің тамақтану мүмкіндігі жақсарды.

Қоғамдық және волонтерлік іс-шаралар: Қоғамға пайдалы іс-шаралар (қарттар үйін аралау, көшелерді тазалау, ағаш отырғызу) ұйымдастырылып, студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі мен қоғамға белсенді қатысуы артты.

Студенттік жобалар мен шығармашылық байқаулар («Ең үздік бөлме, қабат», «Алтын күз», «Шығармашыл жастар») өткізіліп, студенттердің ғылыми және шығармашылық әлеуеті дамытылды.

Жұмыс берушілердің кадрлық қалауы мен жас мамандардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тақырыбында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша:

Жұмыс берушілер арасында «Жұмыс берушілердің кадрлық қалауы мен жас мамандардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» тақырыбында жүргізілген сауалнама нәтижелері негізінде түзету және ескерту әрекеттерінің жоспары әзірленіп, 2025–2026 оқу жылы барысында жүйелі түрде іске асырылды. Мониторингтің негізгі мақсаты – жұмыс берушілердің ұсыныстарының орындалу деңгейін бағалау, білім беру бағдарламаларының еңбек нарығы талаптарына сәйкестігін арттыру және түлектердің кәсіби бәсекеге қабілеттілігін күшейту болып табылады.

1. Студенттердің кәсіби дағдыларын жетілдіру және өндірістік тәжірибені күшейту

Жұмыс берушілер тарапынан студенттердің тәжірибелік даярлығын арттыру қажеттілігі негізгі басым бағыттардың бірі ретінде белгіленді. Осы ұсынысты іске асыру мақсатында университетте өндірістік практика базаларын кеңейту, практика бағдарламаларын еңбек нарығы талаптарына сәйкестендіру және өндірістен келген мамандардың қатысуымен практикалық сабақтарды ұйымдастыру шаралары жүзеге асырылды.

Гуманитарлық-педагогикалық институтында Академиялық сапа жөніндегі комитеттің ұйымдастыруымен «Академиялық сапаны жетілдіру және экожүйені дамыту» тақырыбында оқу-әдістемелік семинар өткізілді. Семинар барысында болашақ педагогтарды даярлау стратегиясын жетілдіру, білім беру мазмұнын жаңарту, инклюзивті білім беру ортасын дамыту, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті оқу үдерісіне енгізу мәселелері талқыланды. Сонымен қатар Рекрутинг бөлімі және мансап орталығының басшысы А.С. Мырзабай түлектердің жұмыспен қамтылуын мониторингілеу мәселелері бойынша баяндама жасады.

Экономика және құқық институтында «Жас заңгерден кәсіби прокурорға дейін» атты тағылымды кездесу ұйымдастырылып, прокуратура саласында қызмет ететін түлектер студенттермен кәсіби тәжірибелерімен бөлісті. Аталған іс-шара студенттердің кәсіби бағдарлануына және еңбек нарығы талаптарын түсінуіне ықпал етті.

2. Цифрлық сауаттылық пен заманауи технологияларды меңгеру

Жұмыс берушілердің ұсыныстары негізінде түлектердің цифрлық құзыреттілігін арттыру бағытында қысқа мерзімді курстар мен практикалық тренингтер ұйымдастырылды. 2026 жылдың қаңтар–ақпан айларында Kuzylorda Hub бизнес-инкубаторы базасында білім алушылар үшін AI Bootcamp, AI workshop, No Code workshop, Startup bootcamp, Генеративті жасанды интеллект, CodeForces, 3D дизайн және архитектура, web-әзірлеу негіздері бойынша оқыту бағдарламалары өткізілді.

Сонымен қатар студенттердің IT және жасанды интеллект саласына қызығушылығын арттыру мақсатында Tech Qyzdar қауымдастығының кездесуі және IT/AI бағыты бойынша Techno Quiz интеллектуалдық сайысы ұйымдастырылды. Аталған шаралар студенттердің цифрлық дағдыларын дамытуға және еңбек нарығында сұранысқа ие құзыреттерді меңгеруіне мүмкіндік берді.

3. Оқу процесінің сапасын арттыру және практикалық даярлықты жетілдіру

Оқу процесін жетілдіру мақсатында материалдық-техникалық базаны жаңарту, лабораториялық және тәжірибелік сабақтардың үлесін арттыру, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының сұранысына сәйкес жаңарту жұмыстары жүргізілді.

Экономика және құқық институтының Құқықтану білім беру бағдарламасы аясында Қызылорда облыстық прокуратурасымен бірлесіп «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру шеңберінде «Прокурорлық қадағалау» дәрісханасы мен коворкинг орталығы ашылды. Бұл студенттердің тәжірибелік дағдыларын нақты кәсіби ортада дамытуға және теориялық білімді практикамен ұштастыруға мүмкіндік берді.

Мониторинг нәтижелері көрсеткендей, жұмыс берушілер сауалнамасы негізінде ұсынылған түзету және ескерту әрекеттерінің жоспары толық көлемде орындалды. Іске асырылған іс-шаралар нәтижесінде:

- студенттердің кәсіби және тәжірибелік дағдылары нығайтылды;
- жұмыс берушілермен ынтымақтастық деңгейі артты;
- цифрлық және заманауи құзыреттерді меңгеру мүмкіндігі кеңейді;
- оқу процесінің практикалық бағыттылығы күшейтілді;
- түлектердің еңбек нарығына дайындығы жақсарды.

Жалпы алғанда, жүргізілген жұмыстар білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруға, жұмыс берушілер талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге және жас мамандардың кәсіби бәсекеге қабілеттілігін арттыруға оң әсерін тигізді.

2025 жылғы 2 маусымда аталған мәселе Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Ғылыми Кеңесінің №22 мәжілісінде қаралып, хаттамалық тапсырмалар берілді.

**Стратегиялық жоспарлау және сапаны
қамтамасыз ету басқармасы**